

— Дәстүрім ғидарым —

ТҰСАУЖЕСЕР

Орындаған:
Нұрлан Абдула



Қазақ халқының өмір салтына көрік беретін дәстүр-тұсау кесу. Бала жүре бастаған кезде кішігірім той жасап, тұсау кеседі. Тойға келгендер тұсау кесер тойына сыйлықтармен, шашуларымен келеді. Дастарқан жайылып, көрші-қоландар, әйелдер, қыз-келіншектер жиналады.



Тұсауын кесетін баланың аяғына байлайтын жіпті тұсау кесер әйел дайындап, алып келеді. Көпшіліктің алдында даярлаған сыйлықтарын беріп, ортаға қойылған баланың аяғына байланған жібін кесіп, жібереді.



Жіпті ақ, қара жіптен есіп, еркін байлауға жететіндей етіп дайындайды. Ақ, қарадан Есіп жасалған жіп біреудің ала жібін аттамасын деген жақсы ниетті білдіреді. Тұсау кесетін әйелді баланың әке-шешесі таңдайды. Беделді, іске ықшам, жасы үлкен, балалы-шағалыәйелге жүктейді. О әйел шамасына қарай балаға сыйлық береді.



Кей жерлерде баланың басынан аяғына дейін жаңа киімдер әкеліп, әкелген сыйлығын ел көрсін деп, тұсауын кесіп, ортаға жібермей тұрып, кигізіп қояды. Бұрынырақта ат пен ер-тоқым сыйлаған. Өлеңдер айтылып, жиналғандар тілектерін тілейді.

Тұсау кесер ғойына арналған көпке мәлім әннің бірі мынау:

Қаз-қаз балам, қаз, балам,
Қадам бассаң мәз болам.
Күрмеуінді шешейін,
Тұсауынды кесейін.
Қаз-қаз балам, қаз, балам,
Тоқымыңды жаз балам,
Қадамыңды қарайық,
Басқаныңды санайық.
Қаз-қаз балам, жүре ғой,
Балтырыңды түре ғой.
Тай-құлын боп шаба ғой,
Озып, бәйге ала ғой,
Қаз баса ғой, қарағым,
Құтты болсын қдамың.
Өмірге аяқ баса ғой.
Асулардан аса бер.
Жүгіре қойшы, құлыным,
Желбіресін тұлымың,
Елгезек бол, ерінбе.
Ілгері бас, шегінбе.



Тұсауын кескен әйелге әке-шешесі ризашылығын білдіріп, сыйлықтарын тартады. Киітін береді. Кейбір жерлерде тұсауын кесетін балаға тұсау кесетін әйел аяқ киім немесе бастан-аяқ киімнен бір тоғыз етіп жасап алып келеді. Шамасы келіп жатқандар, сол жастағы балаларға арналған, үлкен ойыншық сыйлайды.